



Келісілді
Қамқоршылық к. төрайымы
Мухамедрахимова А.Х.
« » 2026 ж



Бекітілді
№17 мектеп директоры
Бактыбаева Г.О.
« » 2026 ж

Ақмола облысы білім басқармасы

Көкшетау қаласы білім бөлімі

«№17 мектеп-гимназиясы» КММ

2026–2027 оқу жылына арналған

Қамқоршылық кеңесінің

жұмыс жоспары

Мақсаты:

Білім беру ұйымының қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету, білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, білім беру сапасын арттыруға, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға, ата-аналар қауымдастығы, мемлекеттік органдар, әлеуметтік серіктестер және қоғам арасындағы тиімді ынтымақтастықты дамытуға ықпал ету.

Міндеттері:

- білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу;
- мектеп қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге қатысу;
- әлеуметтік осал санаттағы білім алушыларды қолдау жұмыстарын бақылау;
- білім алушыларды сапалы және қауіпсіз ыстық тамақпен қамтамасыз етуге қоғамдық мониторинг жүргізу;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және дамытуға жәрдемдесу;
- қауіпсіз, инклюзивті және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға қатысу;
- ата-аналармен, мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылды дамыту;
- қайырымдылық, әлеуметтік және тәрбиелік жобаларды іске асыруға қолдау көрсету;
- мектептің тәрбие жұмысының адалазамат біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға қоғамдық қолдау көрсету;
- мектептің маңызды іс-шаралары мен қоғамдық бастамаларына белсенді қатысу.

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысы 1. 2025–2026 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің жұмыс қорытындысын талдау. 2. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, төрағасы мен хатшысын сайлау. 3. 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. 4. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие жұмысы бойынша басым бағыттарымен таныстыру. 5. Мектептің оқу-тәрбие үдерісін жетілдірудегі Қамқоршылық кеңесінің рөлін айқындау.	Қыркүйек	Мектеп директоры, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
2	1. Білім алушылардың қауіпсіздігі мен қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету мәселелеріне қоғамдық бақылау жүргізу. 2. Мектеп асханасындағы тамақтану сапасын бақылау нәтижелерін қарастыру. 3. «Мектепке жол», «Қамқорлық» қайырымдылық акцияларын	Қыркүйек–қараша	Мектеп әкімшілігі, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, әлеуметтік педагог, ата-аналар комитеті

	ұйымдастыруға қолдау көрсету. 4. Аз қамтылған, көпбалалы және әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балаларына әлеуметтік қолдау көрсету. 5. Ата-аналар қауымдастығымен ынтымақтастықты дамыту, мектеп өміріне қоғамдық ұйымдар мен демеушілерді тарту. 6. Ата-аналарға арналған «Отбасы – бала тәрбиесінің алтын бесігі» тақырыбындағы кездесулерге қатысу.		
3	Қамқоршылық кеңесінің №2 отырысы 1. І жартыжылдықтағы ыстық тамақтың ұйымдастырылуы және медициналық қызмет көрсету мониторингінің қорытындысы. 2. Мектептің қаржылық ашықтығы мен демеушілік көмектің мақсатты пайдаланылуы туралы ақпарат. 3. Жаңа жыл мерекелік іс-шараларын ұйымдастыруға қолдау көрсету.	Желтоқсан	Мектеп әкімшілігі, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
4	1. Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, буллингтің және кибербуллингтің алдын алу. 2. Интернет қауіпсіздігі және әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану. 3. Нашқорлықтың, темекі өнімдерін, электрондық темекілерді және психобелсенді заттарды пайдаланудың алдын алу. 4. Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарының жай-күйі.	Оқу жылы бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, учаскелік полиция инспекторы, Қамқоршылық кеңесі
5	Білім беру процесіне қатысушылардың өтініштері мен ұсыныстарын қарастыру, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу.	Қажеттілігіне қарай	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мектеп директоры, мектеп әкімшілігі
6	Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысы 1. Ұлттық құндылықтарды насихаттау және Наурыз мерекесін ұйымдастыруға қатысу. 2. Көктемгі демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі мен бос уақытын тиімді ұйымдастыру. 3. Кәсіптік бағдар беру және жоғары сынып оқушыларына қолдау көрсету жұмыстарының барысы.	Наурыз	Мектеп әкімшілігі, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
7	Сынып жетекшілерімен бірлесіп тәрбиелік жобаларды, экскурсияларды, мұражайларға, театрларға, мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету.	Оқу жылы бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, сынып жетекшілері

8	Қамқоршылық кеңесінің №4 отырысы 1. Отан қорғаушылар күні, Жеңіс күні және басқа да патриоттық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу. 2. Жазғы сауықтыру демалысын, еңбекпен қамтуды және бос уақытты ұйымдастыру мәселелерін қарастыру. 3. 2026–2027 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің жұмысын қорытындылау және 2027–2028 оқу жылына арналған ұсыныстар әзірлеу.	Мамыр	Мектеп әкімшілігі, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
---	---	-------	---

Күтілетін нәтижелер:

- білім беру ұйымының қызметінің ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз етіледі;
- білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қоғамдық бақылау күшейтіледі;
- әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға көрсетілетін көмек тиімді ұйымдастырылады;
- ыстық тамақтың сапасы мен қауіпсіздігіне тұрақты қоғамдық мониторинг жүргізіледі;
- мектептің материалдық-техникалық базасын дамытуға әлеуметтік серіктестердің қатысуы артады;
- ата-аналар қауымдастығының мектеп өміріне белсенді қатысуы қамтамасыз етіледі;
- қауіпсіз, қолайлы және тәрбиелік әлеуеті жоғары білім беру ортасы қалыптастырылады;
- мектептің тәрбие жұмысының біртұтас бағдарламасын іске асыруға қоғамдық қолдау күшейеді.